**Аудан аумағында шыққан өртті сөндіруді ұйымдастыру, басқа төтенше жағдайлар зардаптарын жою туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы Сарқан ауданы әкімиятының 2003 жылғы 14 қазандағы N 117 қаулысы. Алматы облыстық Әділет басқармасында 2003 жылы 20 қарашада N 1372 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Сарқан аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 13 желтоқсандағы N 462 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Сарқан аудандық әкімдігінің 2011.12.13 N 462 Қаулысымен

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі туралы Заңының 25-ші бабын орындау, аудан көлеміндегі өрт сөндіру кезіндегі ұйымдастыру шараларын жақсарту, меншіктің кез-келген түріндегі объектілерді өрттен қорғау, өрт немесе басқа да төтенше жағдайлар туа қалған жағдайда жедел түрде шаралар қолдану, өрт сөндіру кезінде елді мекендердің бір-біріне көмектесуін және техника мен адам күшін жұмылдыруды қамтамасыз ету мақсатында аудандық әкімият **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Орман мен далада аудан көлемінде пайда болған аса көлемді өртті сөндіру жұмыстарын ұйымдастыру жоспары бекітілсін. (N 1 қосымша).

2. Орманда, далада аса көлемді өртті сөндіру кезінде керекті күш пен қуаттарды біріктіру мақсатында келесі құрамдағы аудандық штаб құрылсын (N 2 Қосымша):

3. Аудан көлемінде өрт, апат және табиғи апат болғанда штаб керекті күш-қуатты 2-ші қосымшаға сәйкес жұмылдырсын.

4. Қалалық, ауылдық, поселкелік округтердің әкімдерінен ауыл шаруашылық ұжымдарының барлық түрлерінің басшыларынан жергілікті N 34 өрт сөндіру бөлімі қамтымайтын аумақтарда, тауда, далада және орманда болған өрттерді сөндіру жұмыстарын жүргізу үшін жанар - жағар майын бөлу, қосалқы бөлшектер және құралдармен қамтамасыз ету, сонымен қоса өртке қарсы шаралардың қатаң түрде жасалуы сұралсын.

5. Шаруа қожалықтарының басшыларына, тағы басқа ауылшаруашылық объектілерінің қай түрлері болса да, өрт сөндіретін жасақ ұйымдастыру, оларды техника түрлерімен, арнаулы киімдермен және өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету, сонымен қатар уақытша өртке қарсы қолданатын сумен

жабдықтау орындарын, су көздерін қайтадан қалпына келтіру туралы ұсыныс жасалсын.

6. Қалалық, ауылдық, поселкелік округтердің әкімдері, барлық шаруашылық субъектілердің басшылары меншіктің қай түрлері болса да, өрт сөндіру техникаларын жауынгерлік дайындыққа келтірілуіне ықпал етсін:

1) Бақалы ауылдық округінің әкімі - Тұрысбеков Р: Автоцистерналық автомашина (АЦ-3,6/53)

2) Қойлық ауылдық округінің әкімі - Сағындықов Қ.: Автоцистерналық автомашина (АЦ-30/66).

3) Амангелді ауылдық округінің әкімі - Дармышев Е.: Автоцистерналық автомашина (АЦ-40/ 66).

4) Орман және аң шаруашылығы мемлекеттік мекеме - Игенбаев С. Автоцистерналық автомашина (40/66 ).

Жауынгерлер тобының тәулік бойы кезекшілік етуін анықтау, өрт туралы ақпарат және басқа да мағлұматтардың тұрақты беріліп тұруын қамтамасыз ету сұралсын.

7. Өртпен күрес кезінде барлық жағдайды жасауды, жоспар бойынша адамдар мен техникаларды дер кезінде бөлуді, өрт болған жерге адамдарды таситын автокөлік сол шаруашылықтың есебінен болатыны сұралсын.

8. Өртке қарсы шаралардың орындалуы әр кезде қадағалансын.

9. Өрт сөндіру бөлімі және Ерікті өрт сөндіру жасақтарының басқа да арнаулы қызметтермен өртті сөндіру және апатты жою кезіндегі бірігіп істеу жөніндегі нұсқау бекітілсін (N 3 қосымша).

10. Өрт туралы мағлұматтарды жедел түрде қабылдау және беру мақсатында барлық қалалық, ауылдық, поселкелік округтерде коммутаторларда және телефондық стансаларда тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылсын. Өрт туралы мағлұматтар түскенде шұғыл түрде Сарқан қаласындағы N 34 өрт сөндіру бөліміне және аудандық ішкі істер бөлімінің кезекшісіне хабарлансын, нұсқаулар бойынша әрекет жасалсын (4, 5,6, 7 нұсқау қосымша).

11. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Бекішовке жүктелсін.

*Аудан әкімі:* *Т. Өмірәлиев*

Сарқан аудандық әкімияттың 2003 жылғы 14 қазан N 117 Қаулысына
N 1 қосымша

# Сарқан ауданының елді мекендерінде, орман, далада және аса көлемді өртті сөндіру жұмыстарын ұйымдастыру жоспары

| N | Елді мекен аты | N 34 ӨСБ, Ерікті өрт сөндіру жасақтарын телефонмен шақыру түрі. | Өрт сөндіруге жұмылдыратын ӨСБ, ЕОЖ. | Елді мекенге дейінгі арақашықтық /шк/ | өрт сөндіруге жұмылдырылатын техникалар | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | N 1 шақыру | N 2 шақыру | Қосымша күштер |
| 1 | Сарқан қалалық округі<br>Сарқан қаласы, Бірлік ауылы | 01 2-15-65<br>2-12-01<br>01 2-13-86<br>0 1<br>8-237-<br>2-21-01 | N 34 ӨСБ ОАШ ММ-нің ЕОЖ<br>N 25 ӨСБ Жансүгір кенті<br>N 36 ЖК Қабанбай ауылы | I - 5<br>I-5<br>3 0<br>90-100 | А Ц - 40/130 | КАМАЗ 7-40<br>АЦ 40 /66/ | А Ц - 40/ 130/<br>А Ц - 40 /130 |
| 2 | Алмалы а/о:<br>Алмалы, Абай ауылдары | 01, 2-15-65<br>2-24-70<br>2-25-45 | N 34 ӨСБ<br>Алмалы а/о ЕОЖ<br>Амангелді а/о ЕОЖ | 6-12<br>25-30 | АЦ-40 /131/ | АЦ-40/66/ | |
| 3 | Амангелді а/о:<br>Пограничник, Қарауылтөбе, Көкөзек ауылдары | 01, 2-15-65<br>2-25-45 | N 34 ӨСБ<br>Амангелді а/о ЕОЖ | 30-40<br>%-10 | АЦ-40 /131/<br>АЦ-40 /66/ | | |
| 4 | Екіаша а/о:<br>Екіаша, Тополевка ауылдары | 01, 2-15-65<br>2-11-90 | N 34 ӨСБ<br>Екіаша а/о ЕОЖ | 25-30<br>%-25 | АЦ-40 /131/ | | |

кестенің жалғасы

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Аманбөктер а/о:<br>Аманбөктер ауылы | 01, 2-15-65<br>2-24-81 | N 34 ӨСБ<br>Аманбөктер а/о ЕОЖ | 25-35<br>0-5 | АЦ-40 /131/ | | |
| 6 | Қойлық а/о:<br>Қойлық ауылы | 01, 2-15-65 2-61-31, 1- 40 2-65-30 | N 34 ӨСБ<br>Қойлық а/о ЕОЖ<br>Бақалы а/о ЕОЖ | 45-50<br>0-5<br>5-10 | АЦ-40 /131/ | АЦ-30/66/<br>А Ц - 3,6 /53/ | |
| 7 | Бақалы а/о:<br>Бақалы, Ағарту. Тасқұдық-ауылдары | 01, 2-15-65<br>2-61-31, 1- 40<br>2-65-30 | N 34 ӨСБ<br>Қойлық а/о ЕОЖ<br>Бақалы а/о ЕОЖ | 55-60<br>5-10<br>0-5 | АЦ 40 /131/ | АЦ-30/66/<br>А Ц - 3,6 /53/ | |
| 8 | Қарабөгет а/о:<br>Қарабөгет, Еркін, Қорған ауылдары | 01, 2-15-65<br>2-61-31, 1-40<br>2-65-35 | N 34 ӨСБ<br>Қойлық а/о ЕОЖ<br>Қарабөгет а/о ЕОЖ | 55-60<br>10-15<br>0-5 | АЦ-40 /131/ | АЦ-30 /66 / | |
| | Черкасск а/о: | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | Черкасск, Ленинка, Қарғалы, Соколовка Петропа-вловка, Садовое ауылдары | 01,2-15-65<br>2-61-31, 1-40<br>2-65-86 | N 34 ӨСБ<br>Қойлық а/о ЕОЖ<br>Черкасск а/о ЕОЖ | 80-90<br>45-50<br>0-15 | АЦ-40 /131/ | А Ц - 30 /66/ | А Ц - 30 /66/ |
| 10 | Шатырбай а/о: Шатырбай-ауылы | 01, 2-15-65<br>2-64-12 2-61-31, 1-40 | N 34 ӨСБ<br>Шатырбай а/о ЕОЖ<br>Қойлық а/о ЕОЖ | 70-80<br>0-5<br>25-30 | АЦ-40 /131/ | | А Ц - 3 0 /66/ |
| 11 | Лепсі п/о:<br>Лепсі кенті | 01, 2-13-01<br>2-14-31<br>2-14-32 | N 27 ЖК Лепсі п .<br>Бөрлі-төбе ОАШ ЕОЖ<br>Лепсі п. ЕОЖ | 1-5<br>1-5<br>1-5 | А Ц - 40/130 | | |
| 12 | Көктерек а/о:<br>Көктерекауылы | 01, 2-13-01<br>2-13-49 | N 27 ЖК<br>Көктерек а/о ЕОЖ | 40-45<br>1-5 | А Ц - 40/130 | | |
| 13 | Көкжиде а/о:<br>Көкжиде ауылы | 01, 2-13-01<br>2-14-92<br>2-14-32 | N 27 ЖК<br>Көкжиде а/о ЕОЖ<br>Лепсі п/о ЕОЖ | 8-10<br>1-5<br>8-10 | АЦ-40/130/ | | |
| 14 | Қарашыған а/о: Қарашыған ауылы | 01, 2-13-01<br>2-14-49<br>2-14-32 | N 27 ЖК<br>Қарашыған а/о ЕОЖ<br>Лепсі п/о ЕОЖ | 75-85<br>1-5<br>75-80 | АЦ-40 /130/ | | |

Ескертпе: - ЕОЖ (Ерікті өрт сөндіру жасағы)

*Сарқан ауданы N 34 ОСБ бастығы*

*Ішкі қызмет подполковнигі: А.Шайықұлы*

Сарқан аудандық әкімияттың 2003 жылғы 14 қазан N 117 қаулысына N 2 қосымша

## Аудандық штаб құрамының тізімі

| | |
|---|---|
| Бекішов Сексембай Төлебайұлы | - аудан әкімінің орынбасары, штаб бастығы. |
| Шайықұлы Аманжол | - N 34 өрт сөндіру бөлімінің бастығы, штаб бастығының орынбасары ( келісімімен) |
| Әбдірахманов Қадыр Сәкенұлы | - аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, штаб бастығының орынбасары ( келісімімен) |
| Бақтыбаев Есболат Шаймұратұлы | - азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы. |

| | |
|---|---|
| Игенбаев Саят | - орман, аң шаруашылығы мемлекеттік мекемесі бастығының міндетін уақытша атқарушы (келісімімен). |
| Сердалинов Кеңес Базыкенұлы | - Лепсі кентінің әкімі. |
| Садықов Сәдуақас Батқалұлы | - Сарқан қалалық округінің әкімі. |
| Кихимов Мұрат Әділханұлы | - Лепсі кенті N 27-ші жеке құрам бастығы (келісімімен). |
| Нұржігітов Оразәлі | - Бөрлітөбе орман және аң шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісімімен). |

*Сарқан ауданы N 34 ӨСБ бастығы*
*Ішкі қызмет подполковнигі: А. Шайықұлы*

Сарқан аудандық әкимияттың 2003 жылғы 14 қазан N 117 қаулысына N 3 қосымша

## Сарқан ауданында болған өртті жою кезіндегі жұмылдырылатын күш пен құрал-жабдықтардың тізімі

| N | Мекеменің аты | Адам саны | Арнайы және қызмет а/м | Санитарлық а/м | Жүк а/м | Су тасымалдау а/м | Өрт сөндіргіш а/м | Трактор |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | АІБ | 10 | 2 | - | | | | |
| 2 | Аудандық аурухана | 10 | | 1 | | | | |
| 3 | Салық комитеті | 8 | 1 | | | | | |
| 4 | Электр жүйелер кәсіпорны | 11 | 2 | | | | | |
| 5 | Орман және аң шаруашылығы мемл. мекемесі | 12 | | | | | 1 | 1 |
| 6 | ТАТЭК | 6 | 1 | | 1 | | | |
| 7 | N 72 ШЕУ | 6 | | | | | | 1 |
| 8 | "Қанатжан" ЖАҚ | 10 | | | | | | |
| 9 | "ЖШС МПМК-2301" | 6 | | | 1 | | | 1 |
| 10 | "ЖШС Сұлтан" | 6 | | | 1 | | | 1 |
| 11 | Телеком. кәсіпорны | 6 | 1 | | 1 | | | |
| 12 | "Өрлеу" АҚ | 6 | | | | 2 | | |
| 13 | Аумақтық ауылшаруашылық басқармасы | 6 | | | | | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 14 | Селден қорғау мекемесі | 3 | | | 1 | | | |
| 15 | Қалалық коммуналдық шаруашылық және су құбырлар кәсіпорны | 7 | | | | 1 | | 1 |
| 16 | "Отан" қоғамдық бірлестігі білім беру мекемесі, Сарқан аудандық филиалы | 3 | | | | | | |
| 17 | "Сарқангазсервис" ААҚ | 6 | 1 | | 1 | | | |
| 18 | Баспахана | 3 | | | | | | |
| 19 | Гуманитарлық колледж | 10 | | | | | | |
| 20 | N 14 кәсіптік мектеп | 20 | | | | | | 1 |
| 21 | Аудандық білім беру бөлімі | 40 | | | | | | |
| 22 | "Самал" ШҚ | 6 | | | | | | 1 |
| 23 | "Азия-Голд" ЖШС | 6 | | | 1 | | | |
| 24 | Аудандық суландыру жүйелер кәсіпорны | 6 | | | | | | |
| 25 | Бөрлітөбе орман және аң шаруашылығы ММ | 8 | 1 | | | | | |
| 26 | N 52 желілі техникалық цехы | 8 | 1 | | | | | 1 |
| 27 | Лепсі кенттік ауруханасы | 5 | | 1 | | | | |
| 28 | Лепсі газ учаскесі | 4 | 1 | | | | | |
| 29 | Лепсі байланыс бөлімі | 6 | | | | | | |
| 30 | N 54 орта мектебі | 10 | | | | | | |
| 31 | Ушинский атындағы орта мектеп | 10 | | | | | | |
| 32 | Жол жөндеу учаскесі | 5 | | | 1 | | | 1 |
| 33 | Көкжиде а/о | 10 | | | 1 | | | 1 |
| 34 | Көктерек а/о | 10 | | | 1 | | | 1 |
| 35 | Қарашыған а/о | 10 | | | 1 | | | 1 |

кестенің жалғасы

| N | Мекеменің аты | Бульдозер | Жағар- жанар май а/м | Күрек пен лом | Шартылдақ пен сыпырғыш | Автобус | Автокран |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | АІБ | | | 10 | 10 | | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Аудандық аурухана | | | 10 | 10 | | |
| 3 | Салық комитеті | | | 8 | 8 | | |
| 4 | Электр жүйелер кәсіпорны | | | 11 | 11 | | |
| 5 | Орман және аң шаруашылығы мемл. мекемесі | | | 12 | 12 | | |
| 6 | ТАТЭК | | | 6 | 6 | | |
| 7 | N 72 ШЕУ | 2 | 1 | 6 | 6 | | |
| 8 | "Қанатжан"ЖАҚ | | | 6 | 6 | 3 | |
| 9 | ЖШС "МПМК-2301" | | | 6 | 6 | | 1 |
| 10 | ЖШС "Сұлтан" | | | 6 | 6 | | |
| 11 | Телеком. кәсіпорны | | | 6 | 6 | | |
| 12 | "Өрлеу" АҚ | | | 6 | 6 | | |
| 13 | Аумақтық ауылшаруашылық басқармасы | | | 6 | 6 | | |
| 14 | Селден қорғау мекемесі | | | 3 | 3 | | |
| 15 | Қалалық коммуналдық шаруашылық және су құбырлар кәсіпорны | | | 7 | 7 | | |
| 16 | "Отан" қоғамдық бірлестігі білім беру мекемесі, Сарқан аудандық филиалы | | | 3 | 3 | | |
| 17 | "Сарқангазсервис" ААҚ | | | 3 | 3 | | |
| 18 | Баспахана | | | 3 | 3 | | |
| 19 | Гуманитарлық колледж | | | 10 | 10 | | |
| 20 | N 14 кәсіптік мектеп | | | 20 | 20 | | |
| 21 | Аудандық білім беру бөлімі | | | 40 | 40 | | |
| 22 | "Самал" ШҚ | | | 6 | 6 | | |
| 23 | "Азия-Голд" ЖШС | | | 6 | 6 | | |
| 24 | Аудандық суландыру жүйелер кәсіпорны | | | 6 | 6 | | |
| 25 | Бөрлітөбе орман және аң шаруашылығы ММ | | | 8 | 8 | | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 26 | N 52 желілі техникалық цехы | | | 8 | 8 | | |
| 27 | Лепсі кенттік ауруханасы | | | 5 | 5 | | |
| 28 | Лепсі газ учаскесі | | | 5 | 5 | | |
| 29 | Лепсі байланыс бөлімі | | | 6 | 6 | | |
| 30 | N 54 орта мектебі | | | 10 | 10 | | |
| 31 | Ушинский атындағы орта мектеп | | | 10 | 10 | | |
| 32 | Жол жөндеу учаскесі | | | 5 | 5 | | |
| 33 | Көкжиде а/о | | | 10 | 10 | | |
| 34 | Көктерек а/о | | | 10 | 10 | | |
| 35 | Қарашыған а/о | | | 10 | 10 | | |

Ескертпе: шаруашылық басшыларына: әр басшы өз қарамағындағы аумақта өрт шыққан жағдайда, барлық адам және техника күштерін жұмылдыруға тиіс.

*Сарқан ауданы N 34 ӨСБ бастығы*
*ішкі қызмет подполковнигі: А. Шайықұлы*

Сарқан аудандық әкімияттың 2003 жылғы 14 қазан N 117 қаулысына N 4 қосымша

## Өрт және апат болған жағдайда N 34 ӨСБ мен Лепсі кенттік N 27 ЖҚ-ның, қалалық, ауылдық, кенттік округтердегі Ерікті өрт сөндіру жасақтарымен және басқада арнайы қызметтермен бірігіп жасайтын іс-қимылдары туралы нұсқау

1. Сарқан қаласындағы N 34 ӨСБ мен Лепсі кенттік N 27 ЖҚ және қалалық, ауылдық, кенттік округтердегі ЕӨЖ мен аудандағы мекемелермен бірге, апат және өрт оқиғасы болғанда зардаптарын жоюға төмендегі арнайы қызметтер қатысады:

1) Қалалық коммуналдық шаруашылық, су және құбырлар кәсіпорнының авариялық қызметі.
2) Электрлі жүйелер кәсіпорны;
3) Медициналық жедел жәрдем;
4) АІІБ қызметкерлері;
5) "Жетісугазсервис" АҚ-ның авариялық қызметі;
6) Аудандық телеком кәсіпорны.

2. Авариялық қызметтер өрт болған жерге өрт сөндіру учаскесі басшысының,

штабтық және АІБ кезекшісінің сұрауымен жіберіледі, байланыс телефондары:
1) Қалалық коммуналдық шаруашылық су және құбырлар кәсіпорнының аварриялық қызметі 2-17-76;
2) Электрлі жүйелер кәсіпорны 2-19-68, 2-45-30;
3) Медициналық жедел жәрдем 03, 2-10-03;
4) АІІБ 02, 2-10-02;
5) "Жетісугазсервис" 04.
6) Аудандық телеком кәсіпорны 07, 2-10-70.

3. Апат және өрт болған жерге келген арнайы қызмет басшылары, өрт сөндіру жасағының басшысына есеп береді де, қарамағына еніп, бағынады.

4. Функционалдық міндеттер:
1) қалалық коммуналдық шаруашылық су және құбырлар кәсіпорнының авариялық қызметі: өрт сөндіру машиналары орналасқан өрт сөндіру гидрантындағы судың қысымын ұлғайтып керекті қысымды береді.
Ауылдарға мекендерде су жоқ жерлерге, суды арнаулы көліктермен жеткізеді .
2) Электрлі жүйелер кәсіпорны: өрт болып жатқан ғимаратты электр жүйесінен ажыратуды қамтамасыз етеді, керек болған жағдайда көрші тұрған ғимаратты да электр жүйесінен ажыратады.
3) Медициналық жедел жәрдем қызметі: - әр уақытта өрт сөндіру жасағы басшысының қарамағында болады, керек болған жағдайда жарақаттанғандарға медициналық көмек көрсетеді.
4) АІІБ қызметкерлері: - өрт болған орынды, өрттен және ғимараттан көшірілген мүліктерді күзетеді, керек болған жағдайда өрттен адамдарды, мүліктерді көшіруге жұмылдырылады.
5) "Жетісугазсервис" АҚ авариялық қызметі: - өрт болып жатқан ғимаратты газ құбырынан ажыратады, газ құбырындағы ақауларды жояды.
6) Аудандық телеком кәсіпорны: - кезектен тыс телефондық байланыспен қамтамасыз етеді.

5. Өрт сөндіруге қатысқан арнайы қызметтер өрттен кейін, кері қарай өрт сөндіру жасағы басшысының немесе штабтың бұйрығымен қайтарылды.

*Сарқан ауданы*
*N 34 ӨСБ бастығы*
*ішкі қызмет подполковнигі: А. Шайықұлы*

Сарқан аудандық әкімияттың
2003 жылғы 14 қазан
N 117 қаулысына
N 5 қосымша

## Аудандық телеком стансасы оператор-телефоншысының өрт оқиғасы болған жағдайдағы міндеттері туралы нұсқау

Өрт оқиғасы болған жағдайда оператор - телефоншы шұғыл түрде міндетті:

1) 01,02 телефоны арқылы өрт сөндіру бөліміне және АІБ-нің кезекшісіне хабарлауға;

2) АТС, қалааралық байланыс стансаның және күшейткіш құралының кезекшілері, өрт болған объектіден үзіліссіз телефондық байланысты қамтамасыз етуге;

3) Өрт туралы ақпараттық телефонды байланысты кезектен тыс қамтамасыз етуге.

*Сарқан ауданы N 34 ӨСБ бастығы ішкі қызмет подполковнигі А. Шайықұлы*

*Сарқан аудандық телеком кәсіпорнының директоры Н. Кривенцов*

Сарқан аудандық әкімияттың 2003 жылғы 14 қазан N 117 қаулысына N 6 қосымша

## Сарқан АІБ кезекшісінің аудан аумағында өрт оқиғасы болған жағдайда орындайтын міндеттері туралы нұсқау

АІБ-нің кезекшісі өрт туралы мағлұматты алысымен міндетті:

1. Өрт болған жердің мекен-жайын анықтап, шұғыл түрде өрт сөндіру бөліміне, Аудандық төтенше жағдайлар бөліміне және АІБ бастығына, орынбасарларына хабарлауға;

2. Өрт болған жерге оперативті тергеу тобын жіберуге;

3. Өрт болған жағдайда өртті жою және ұйымдастыру штабының құрамдарына хабарлауға;

4. Өрт және апат болған жағдайда басқа да арнайы қызметпен бірігіп жасайтын іс-кимылдарының нұсқауы бойынша, оларды өрт болған жерге жіберуге;

5. Өрт немесе басқа да апаттардың зардаптарын жоюға арналған іс-қимылдар туралы ақпаратты облыстық ІІББ-ның кезекшісіне хабарлап тұруға.

*Сарқан ауданы N 34 ӨСБ бастығы ішкі қызмет подполковнигі А. Шайықұлы*

*Сарқан ауданы АІІБ бастығы*
*полиция подполковнигі Қ. Әбдірахманов*

Сарқан аудандық әкимияттың 2003 жылғы 14 қазан N 117 қаулысына N 7 қосымша

## Өрт болған жағдайда ауылдық округ кезекшісінің міндеттері туралы нұсқау

Өрт туралы ақпаратты қабылдағанда және өртті байқағанда ауылдық округтің кезекшісі міндетті:

1. Өрт болған жерге, сол округтегі Ерікті өрт сөндіру жасағын (ЕӨЖ) жіберуге;

2. Өрт туралы ақпаратты ауыл әкіміне, өрт сөндіру бөліміне, АІІБ-нің кезекшісіне және аудандық телеком кәсіпорны оператор - телефоншысына хабарлауға;

3. Өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері және аудандық арнайы авариялық қызметтерін қарсы алып, өрт болған жерге жіберуді қамтамасыз етуге.

*Сарқан ауданы N 34 ӨСБ бастығы*
*ішкі қызмет подполковнигі: А. Шайықұлы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК